

## БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА

**Н.Б.Рахметова -**

*п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
«Көркем сурет» факультеті «Сәндік қолөнер» кафедрасы*

Жоғары білім беру жүйесінің негізгі мақсаты осы заманғы білім беруге негізделген сапалы кәсіби білім беру арқылы біліктілігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті маман даярлау болып отыр. Мемлекеттік білім беру стандартында “Кәсіптік білім және кәсіпкерлік” мамандығы бойынша мұғалімнің іс-әрекеті оқушыларды технологиялық және кәсіпкерлік даярлық арқылы оқыту, білім беру, тәрбиелеуге бағытталады. Мамандардың іс-әрекетінің саласы болып: оқытушылық, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық, мәдени-ағартушылық іс-әрекет саналады. Мамандар білім беру мекемелерінде қызмет ететіндіктен, іс-әрекетінде жалпы орта білім беру бағдарламасын басшылыққа алады. Технология пәні мұғалімі жұмысының негізгі бағытының бірі “Технология” саласында білім беру бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады /1,48/. Технология дегеніміз – өндіріс процесінде жүргізілетін әдіс-тәсілдер, сондай-ақ осы процестердің өзінде болып жатқан сапалы өзгерістердің білім жиынтығы.

Политехникалық сөздікте технология түсінігіне мынадай анықтамалар беріледі:

1) материалдар дайындау немесе жартылай фабрикаттардың қасиеттерін, шикізат формасын өндіріс процесінде өзгерту әдістерінің жиынтығы;

2) шикізатқа, материалдар мен жартылай фабрикаттарға өндіріс құралдарына сәйкес ықпал ететін әдістер туралы ғылым.

Энциклопедиялық сөздікте осыған ұқсас біршама көлемді анықтамалар беріледі: “Ғылым ретінде технологияның міндеті – экономикалық процестерде және ең тиімді тәжірибеде пайдалану мақсатына байланысты физикалық, химиялық, механикалық және т.б. заңдылықтарды қолдана білу болып табылады” /2,34/.

Бұл сөз бізге гректерден (грекше *tehne* - өнер, шеберлік, іскерлік + *lotos*- түсінік, оқыту) келген, оның түпкі мағынасы қарағана көбінесе универсалды (эмбебапты) қолдануға негізделген. Мысалы, “Техника” өндіріс құралдарын, еңбек құрал - саймандарын жасау... еңбек құралдарының жиынтығы” ретінде анықталса, “Технология” – өндіріс әдістері мен процестерінің жиынтығы... сонымен бірге өндіріс тәсілдерін ғылыми тұрғыда сипаттау” деген түсінік береді

“Технологиялық” білім беру жалпы білім беру мекемелеріндегі оқу жоспарының ең бір маңызды саласы болып табылады. Ол жас- өспірімдерге еңбектен тәрбие беру мәселесіне орай қоғам талабынан туындап отыр. “Технологиялық” даярлықтың оқушыларды толыққанды дамытуда маңызы

зор, оларды еңбексүйгіштікке дағдыландырады, еңбек негізімен таныстырады. Технологияның негізгі элементтеріне: *мазмұнды тұрғыда* – ғылым негіздері, психология, логика, риторика, технология, кәсіптік оқыту және еңбек, қоғамға пайдалы жұмыс, өнімді еңбек, ғылым мен техника бойынша сыныптан тыс жұмыс; *іс-әрекеттік тұрғыда* – арнайы технология, оқыту әдісі мен формасы, әртүрлі ойындар және т.б. жатады. Сонымен, “Технологиялық” білім беру саласы адамның іс-әрекеті саласында әртүрлі ғылымдарды біріктіретін, күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық білім беру мен кәсіпкерлік даярлықты Э.Д.Новожилов екіге бөліп қарастырады. *Мұның біріншісі “Технология”* – мұғалімнің материалдық өндіріс саласындағы кәсіби даярлығының негізі. Мамандықтың бұл бөлімі, оның пайымдауынша, жалпы білім беруді, жалпы педагогикалық даярлықты, техникалық, технологиялық пәндерді, жеке пәндерді оқытуды, мамандандыруды қарастырады. *Екінші бөлігі – “Кәсіпкерлік”*. “Кәсіпкерліктің” өз мазмұны бар, алайда жоғары оқу орнын бітіруші мынадай компоненттерді білуі керек: өз-өзін көрсету, өз-өзін дәріптеу, ұйымдастыру іскерлігін, ұжым құрамында жұмыс істеу іскерлігін меңгеру және т.б. /3, 8/. Кәсіпкерлік – қоғамдық мақсатқа байланысты кәсіби білім мен тәжірибелік іскерліктегі жеке жаңалықтарды белсенді іске асырады. Экономикалық ғылымды кәсіпкерлік түсінігін XVIII ғасырда француз экономисті Р.Кантьон енгізді. Ол кәсіпкерлік қызметті экономикалық қызметтің ерекше түрі сияқты қарастырған, әр түрлі сұранысына сәйкес ұсыныс келтірген. Кәсіпкерлік ұғымы “бизнес” синониміне сәйкес келеді. Кәсіпкерлік нақты әлеуметтік-экономикалық макродеңгейлік ортада ескерілмейді, осы ортадан шығады және оған бейімделумен іске асады.

“Технологиялық білім беру саласындағы полит өз жұмыстарында атап көрсетеді. Сонымен, болашақ технология мұғалімінің кәсіби және кәсіпкерлік даярлығының арнайы пәндер бөлімінде екі негізгі бағыт: политехникалыққа, еңбекке оқыту мен даярлау қарастырылады. Политехникалық білім жүйе ретінде жаратылыстану, техникалық, математика, қоғамдық ғылымдар жүйесі элементтерінің жиынтығынан тұрады. Политехникалық білімнің мәні қазіргі заман өндірісінің жалпы ғылыми-техникалық, ұйымдастырушы-экономикалық жақтарын ашып көрсететін заңдар мен ғылыми түсініктердің өзара байланысын құрайды. Бұл білімнің қарапайым түрлері өзінің табиғатында қайсыбір ғылыммен білімнен айырмашылығы жоқ, бірақ техниканың негізін анықтауға және басқаруға бағытталған қызметіне қарай ерекшеленеді. Еңбекке оқытудағы политехникалық мазмұнның объективтілігін және еңбекке даярлау кезіндегі жаңа ғылыми тенденция негізіндегі жағдайды ашып көрсетуді, оқушыларға еңбекке оқытудың бастапқы кезеңінде өзіндік ерік беруді, оқытуды өндіріс еңбегімен ұштастыруды жатқызады /3, 61-72/. Мұғалімнің еңбекке оқытудағы әдістемелік даярлығына Э.Ф.Зеердің еңбегі арналады. Ол техникалық конструктордың қажеттілігіне, техникалық эстетикаға, әртүрлі техникалық процеске көңіл бөледі, материалдарды механикамен ғана емес,

техникалық механикамен және электр техникасымен байланыстыру қажеттілігіне аса назар аударады.

Еңбекке оқыту мұғалімінің кәсіби даярлығын жақсартуда мынадай жұмыстардың қажеттілігіне тоқталады: мектеп экспериментінің әдістемесі және техникасымен байланысты лабораториялық жұмысты талдау; техникалық және практикалық еңбек сабақтарына даярлығын байқау; семинарлық және байқау сабақтарын өткізу, техникалық білім берудегі сыныптан тыс сабақтарды бақылау мен талдау; оқу шеберханаларын, лабораториялық дәрісханаларды жабдықтау. *Мұғалімнің технологиялық оқытуды іс-әрекет саласында жүзеге асыру функциялары: дамытушылық, ақпараттық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, бейімділік, әлеуметтік, қалыптастырушылық, бағдарлаушылық, құрастырушылық, жұмылдырушылық, экономикалық, техникалық, зерттеушілік. Төменде мұғалімнің технологиялық оқыту функциясын жүзеге асырудағы іс-әрекеті беріледі:*

*Дамытушылық* – объектіні технологиялық дайындау процесінде тәрбиелік және танымдық құндылықты қолдану мен таңдау; оқушылардың танымдық-шығармашылық және еңбек белсенділігін, техникалық ойлауын, талаптануын, ынталануын, политехникалық ой-өрісін дамыту; оқушылардың оқу пәндеріне, ғылымға, еңбек әрекетіне қызығушылығын ояту мен дамыту, оқытуда ішінара ізденіс және проблемалық әдістерді пайдалану; технологиялық тасымал іскерлігін әртүрлі оқу-өндірістік жағдайларда қалыптастыруда пайдалану, оқушылардың ойлау іскерлігін басқару; оқушыларды техникалық объектілердің ғылыми негіздерін анықтауға машықтандыру; нақты жағдайларда ғылыми негіздердің бірлігін қалыптастыру.

*Ақпараттық* – оқу материалдарын терең және еркін пайдалану, оқыту әдістерін қолдану (эмоциялық сөздерді, дауыс мәнерін, ырғағын, ым-ишаратты пайдалану); тәжірибелік жұмыстың құрал-жабдықтарын, аспаптарын көрсету, оқуда техникалық құралдарды оқыту бағдарламаларын қолдану, негізгі дидактикалық бірлікті ескеру (түсінік, заңдылық, іскерлік, машықтық); технологиялық білімге жататын іскерліктің негізгілерін жіктеп, бірізділікте жүйеге келтіріп топтастыру; білімге қажетті ақпарат-деректерді пайдалану; технологиялық даярлық пен оқыту процесінде кері байланысты қамтамасыздандыру (бақылау, бағалау, оқушылардың меңгерген білімдерін бекітіп, түзу, іскерлік пен машықтықты қалыптастыру); оқушылардың өзіндік дербес жұмыстарына басшылық жасау.

*Ұйымдастырушылық* – педагогикалық және басқа да шарттарды, оқу-еңбек белсенділігін қалыптастыру үшін, оқушылардың еңбекке психологиялық, практикалық және адамгершілік даярлығын қалыптастыруды ұйымдастыру; оқушыларды әртүрлі оқу-еңбек және өндірістік еңбек түрлеріне қатыстыру; ғылыми-техникалық шығармашылық бойынша сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру; оқушылардың кәсіби хабардар болуын ұйымдастыру; оқушылардың өндірістік жұмысқа белсенділігін бақылау, оқушыларды ынталану іскерлігін анықтау; жаңа педагогикалық

міндеттерді анықтау және алынған нәтижені бағалау; педагогикалық мақсаттың берілуі мен алынған нәтижені қорытындылап, бастапқы деректі салыстыру; оқушы ұжымында оқу-еңбек тапсырмаларын орындауды ұйымдастыру; оқушыларды өндіріс қатынасына араластыру; жекелеген әртүрлі мекемелермен қатынастарды тұрақтандыру.

*Коммуникативтік* – оқушылармен, ата-аналармен, әріптестермен, қоғамдық ортамен дұрыс және тиімді педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыру; ұжымаралық және өзара жеке қатынастарды іріктеу; оқу процесінде оқушылардың адамгершілік, еңбек экономикалық, эстетикалық, экологиялық тәрбиесіне ықпал ету.

*Бейімділік* – қазіргі әлеуметтік өзгермелі жағдайда оқушыларды өзіндік дербес еңбекке даярлау; бастапқы кәсіби бейімділікті; әлеуметтік бейімділікті белсендендіру; әртүрлі әлеуметтік және экономикалық жағдайларды модельдеуге мүмкіндік беретін оқу әдістері мен формасын қолдану, оқушылармен біріге отырып оның шешімін іздестіру.

*Әлеуметтік* – оқушыларды әлеуметтендіру; әлеуметтік және құқықтық қорғау; ұжымда өзін-өзі көрсетуге жағдай жасау, оқушылардың практикалық және шығармашылық процесте қызығушылы әрекетін қорғау, демократиялық және гуманитарлық білім процесіне жағдай жасау.

*Қалыптастырушылық* – оқушылардың ғылыми дүниетанымын, табиғатқа аялы көзқарасын, құндылық бағдарын қалыптастыру; әртүрлі мамандық пен кәсіби іскерлікті ұсыну; политехникалық білім мен технологиядан меңгерген білім, іскерліктерін қолдануға мүмкіндік беру; икемді іскерлікті қалыптастыру, оқушыларға өздігімен жаңа еңбек түрлерін жылдам меңгеруге мүмкіндік жасау, шешімдер қабылдауға даярлау.

*Бағдарлаушылық* – оқу әрекетінде оқушыларда тұрақты қызығушылық туындату, еңбек әрекетіне мотивін қалыптастыру; оқушылардың дара ерекшеліктерін, бейімін және қоғамдық талабының байланыстыру, өздері анықтайтын кәсібилікке қызықтыру.

*Конструктивтік* – оқу-тәрбие жұмысында өндірістік материалдар ретінде пайдаланған ғылыми-техникалық, экономикалық, құқықтық және басқа да материалдарды дидактикалық тұрғыда қайта өңдеуден өткізіп, оқу мазмұнына, кезеңдеріне, ұйымдастырушылық формасына және әдісіне қарай сұрыптау; педагогикалық процестің педагогикалық-ұйымдастырушылық, қисынды-психологиялық құрылымын құру; оқушылардың еңбек әрекетін ұйымдастырудағы педагогикалық жетекшілік жұмыс қолдану мен жоспарлау; оқу-тәрбие процесін политехникалық бағытпен қамтамасыздандыру; меңгерілген дидактикалық еңбек объектісін таңдау іскерлігі; ондағы жұмыс жүйесі мен тізбектілік жоспарын жобалау; оқу-материалдық базасын таңдап, қолдану; тапсырманы педагогикалық мақсатқа лайықтап өңдеу.

*Жұмылдырушылық* – оқушылардың өмір тәжірибесін және білімін, олардың танымдық дербестігін, еңбекке белсенділігін қалыптастыруды көкейкестілендіру, оқушыларды ұйымдағы ғылымға, өндірістегі жұмыс

мәдениетіне, оқыту, практикалық тапсырманы шешуде меңгерген білімін пайдалану.

*Экономикалық* – өндірісте оқушылардың төмен ақылы экономикалық іс-әрекетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау, оқушылардың техникалық-экономикалық еңбек әрекетінің қорытынды бағасы; оқушылардың шығармашылық міндеттерін негізгі сауда экономикасымен байланыстыру.

*Техникалық* – өзінің ғылыми-теориялық білімін көтеру, ғылыми-техникалық терминдерді меңгеру; технологиялық даярлықта оқыту базасындағы оқу-материалдарын меңгеру (жөндеу, тежеу, дұрыс-дұрыс еместігін диагностикалау және т.б.); сызба-суреттерді, графиктер, эскиздер, есептерді және т.б. орындау және қолдану, әртүрлі конструктивтік материалдарды өңдеу; механизмді жинау және жөндеу; машина мен механизмді құрастыру және модельдеу; ғылыми-техникалық және басқа білімдерді жаңарту, толықтыру.

*Зерттеушілік* – технологияны оқыту процесінің жеке кезеңдерінің мақсаттары мен міндеттерін анықтау, оны жүзеге асыру құралдарының неғұрлым тиімдісін таңдау; педагогикалық экспериментті жүзеге асыру және жобалау; әлеуметтік-экономикалық жағдайда өзгерілетін әрекеттер әдісін шамамен қайта құру; технологиялық білімде педагогикалық тәжірибенің озық нәтижесін талдау; оқытудың политехникалық принципін жүзеге асыру; мақсатын жинақтау және нәтижелі формасын тасымалдап тарату; өз жұмысына тәжірибе әдістерін қолдану; политехникалық білімнің педагогикалық теориясы мен өз тәжірибесінің ара қатынасын айқындау; оқушылардың технологиялық даярлығы арқылы қол жеткізген білім көлемін анықтау. Технология мұғалімнің білім сапасын жүзеге асыру функциясы ондағы кәсіби даярлықты, ізденісті, жеке оқу пәндерінің бірлескен мүмкіндіктерін жүзеге асыруды және оларды кіріктіру негізінде тұтас бір бөлімде қалыптастыруды талап етеді.

“Технология” білім беру саласының психологиялық-педагогикалық пәндермен және мұғалімнің педагогикалық әрекетімен кіріктірілуі соңғы жылдары педагогикаға әкімшілікті технология, тәрбие процесінің технологиясы, педагогикалық технология, кәсіби технология, ақпараттық технология, педагог-технолог, педагогикалық міндеттерді технологиялық тұрғыда шешу, педагогикалық менеджмент, білім беру маркетингі, оқу орнындағы кәсіпкердің іс-әрекеті, ақылы білім алу және т.б. ұғымдардың енгізілгенін дәлелдейді.

1. Шаповаленко С.Г. *Об активизации познавательной деятельности учащихся. Педагогика.* - М., 1980.

2. Панчук Т.А. *Формирование готовности к проектной деятельности студентов факультетов технологии и предпринимательства, 13.00.08: Дис. ... д-ра пед.наук.- Бийск-2004.*

3. Муравьев А.А. *Профессиональная подготовка учителя технологии и предпринимательства: 13.00.08: Дисс.... канд.пед.наук. – Екатеринбург, 1998.*

## Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы профессиональной подготовки будущих учителей технологии и предпринимательства. Автор раскрывает основные моменты этой подготовки в соответствии с требованиями сегодняшнего дня.

## Summary

In given to article it is considered problems of vocational training of the future teachers of technology and business. The author opens high lights of this preparation according to requirements of today.

## **ЖЕНЩИНА КАК СУБЪЕКТ И ОБЪЕКТ ТВОРЧЕСТВА В ДИСКУРСЕ СОВРЕМЕННОГО ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА**

**Н.А.Михайлова –**

*к.п.н., доцент кафедры графики и дизайна КАЗ НПУ им. Абая*

Современное искусство и современная женщина как его субъект - достаточно сложные понятия в казахстанском контексте, так как конкретно осмысленного определения женского искусства в Казахстане нет. Понятия «женские организации», «феминизм», «дискриминация», «гендер» вошли в нашу жизнь недавно. Точную дату назвать невозможно, но произошло это около десяти лет назад усилиями нового для суверенного Казахстана явления - женского движения.

Гендерная теория как таковая получает распространение в Казахстане со времени перестройки, времени утверждения демократических свобод, плюрализма и политики открытости. Женщины-художницы оказываются в авангарде этого процесса.

Гендерная теория становится действенным инструментом разрушения тоталитарной идеологии и формирования новой идентичности казахстанской женщины. На 2000-е годы приходится пик феминистского искусства, обусловленный формированием новых идентичностей и появлением на художественной сцене нового поколения женщин-художниц. В последнее десятилетие женское искусство акцентирует свое внимание на анализе и деконструкции стереотипов, связанных с образом женщины в современном обществе и информационном пространстве. Но до сих пор организация выставок женского искусства продолжает оставаться инициативой самих художниц, не имея постоянной институциональной поддержки/1/. Примером вышесказанного может служить организация и проведение художественных ежегодных творческих вернисажей женской группы «Март» ХГФ КазНПУ им. Абая.

В мире изобразительного искусства женщина всегда может выбрать,